



Бекітемін:  
«Балдырған» бөбекжай-  
балабақша меңгерушісі  
Т.Бимырзаева  
2022ж

### Ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары

Максаты: Отбасында балаға ата-ананың ықпалы артады, балабақша мен ата-ана арасында байланыс орнайды

| Қ/с | Іс шаралар тақырыбы                                                                                                                                                                                                                                             | Өтілу түрі                                                                              | Уақыты       | Жауапты                                                                              |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Қыркүйек айы<br>1.Ата-аналарды 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары мен таныстыру<br>«Кәнекей, танысайық»<br>Ширату ойын<br>2.Балабақшадағы және үйдегі күн тәртібі (кеңес)<br>3. «Балабақша мен ата-ана бірлестігі» (баяндама)<br>4.Ата-аналар комитетін сайлау | Топтық ата-аналар жиналысы                                                              | Қыркүйек айы | Әдіскер:Татимова<br>О<br>Медбике<br>Ұ.Байырбекова<br>Тәрбиешілер:<br>Г.Терискенбаева |
| 2   | «Дені сауын жаны сау»<br>(Отбасылық сайыс)                                                                                                                                                                                                                      | Ата-анамен балабақша арасындағы байланысты нығайту, спортқа деген қызығушылықты арттыру | Қазан айы    | Топ тәрбиешілері:<br>Г.Терискенбаева<br>Г.Еркінбекова                                |
| 3   | «Ертегімен өсеміз»                                                                                                                                                                                                                                              | Кітап бұрышын толықту                                                                   | Қараша       | Ата-аналар тәрбиешілер                                                               |
| 4   | «Балабақшада біз не істейміз»<br>(фотостенд)                                                                                                                                                                                                                    | фотостенд                                                                               | қазан        | Ата –аналар тәрбиешілер                                                              |
| 5   | 1.Іс-әрекеттердің қорытындысы<br>2. «Отбасында туған күні қалай тойлаймыз?» сауалнама<br>3.Тринг. «Бала деген бір бақыт»                                                                                                                                        | Топтық ата-ана жиналысы                                                                 | Желтоқсан    | Тәрбиешілер                                                                          |
| 6   | Қардан жасалған                                                                                                                                                                                                                                                 | Байқау                                                                                  | Қаңтар       | Ата-анамен бала                                                                      |

|    |                                                                                                                             |                                                 |        |                                       |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|--------|---------------------------------------|
|    | қысқы<br>құрастырмалар                                                                                                      |                                                 |        |                                       |
| 7  | «Әже ертегі<br>айтшы!»                                                                                                      | Әже ертегісі                                    | ақпан  | Ата-аналар,<br>тәрбиешілер            |
| 8  | Көрікті көктем                                                                                                              | Табиғат<br>бұрышындағы<br>көктемгі еңбек        | ақпан  | Ата-аналар<br>Тәрбиешілер             |
| 9  | «Балабақша-өз<br>үйім!»                                                                                                     | Ашық есік күні                                  | наурыз | Әдіскер,<br>Ата-аналар<br>тәрбиешілер |
| 10 | «Табиғат<br>бұрышындағы<br>әдемі гүлдер»                                                                                    | Табиғат<br>бұрышындағы<br>гүлдерге<br>қамқорлық | сәуір  | Ата-аналар<br>тәрбиешілер             |
| 11 | 1 Тәрбиешінің<br>қорытынды есебі<br>2 Жаздық<br>сауықтыру-<br>шынықтыру<br>шаралары<br>3 «Балаңыз<br>мектепке дайын<br>ба?» | Топтық ата-<br>аналар жиналысы<br><br>сауалнама | мамыр  | Тәрбиешілер ата-<br>аналар            |

«Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Жұлдыз»ересек тобында  
2022жылдың 29 қыркүйекте топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

### Хаттама №1

#### Ата –аналар жиналысы

Қатысуы тиіс:25

Қатысканы:20

#### Күн тәртібінде

- 1.«Қанекей танысайық». Ширату ойын
- 2.Тренинг:
2. Ата –аналарды 2022-2023 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.
3. Балабақша және үйдегі күн тәртібі
4. «Баланың балабақшаға бейімделуі» баяндама
5. Ата-аналар комитетін сайлау және оны жоспарлау

### ТЫҢДАЛДЫ

- 1.Психолог Г. Абдуллаева «Келіңіз танысайық » тақырыбында ширату ойынын ұйымдастырды.Ата-аналар өздерінің кімнің ата -анасы екенін және баласының ең жақсы қасиеттерін айтып өтті  
Әріптер сөйлейді. Ата-аналарға әріптер таратылыпберіліп, сұрақтарға сол әріптерге байланысты жауап беруі арқылы, бір ширатып алды  
Балаларының калауымен «Не жасағың келеді?» тақырыбында бейнелеу іс - әрекетін ұйымдастыру үй тапсырмасына берілді.
- 2.Тәрбиеші Г. Терискенбаева 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыра отырып биылғы оқу бағдарламасындағы өзгерістер жайлы айтып өтті . Әдіскер О. Татимова биылғы оқу бағдарламасындағы өзгерістер жайлы режимдік сәттер арқылы жүзеге асатыны,білім беру салалары алынып,білім беру дағдылары болып өзгергені, қазақ тілі пәні кірістірілгені, оқу қызметі оқу іс –әрекеті болып өзгергені жайлы толық түсіктеме берді.
- 3.Тәрбиеші Г. Еркінбекова «Балабақша және ата-ана бірлестігі» атты баяндамасында отбасының да балабақшаның да мақсаты бір: балалардың дені сау болып, тәрбиелі парасатты, білімді, мейірімді,саналы азамат болып үлкенөмірге қадам басуы. Сондықтан ата- ана мен балабақша арасындағы

бірлестікті дамыту өзекті мәселе болып тұр. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ананың әрбір іс-әрекеті балаға өнеге екенін белгілі екенін айта отырып, топта ата-аналарға арналған «Ата-аналар сіздер үшін» тақырыбында бұрыш жасалынғанын, ата-аналармен біріге отырып жұмыс жасау үшін жылдық жұмыс жоспары жасалып, жыл бойына жасалатын жұмыстар қамтылғанын айтып өтті. Осы уақыт аралығында ата-аналармен бірлесе отырып кітап бұрышы, табиғат бұрышы толықтырылғаны сонымен қатар «» атты баланы дамытуға арналған көрмеге атсалысып белсенділік танытқан ата-аналарға алғысын білдірді

4. Тәрбиеші Г. Терискенбаева ата-аналар комитетінің атқаратын қызметі жайлы айта келіп, биылғы жылғы ата-аналар комитетінің құрамын сайлап алуға ұсыныс білдірді.

### Шешім етті

1. Ата-анамен бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымына ата-ана, мүшелеріне, сайлансын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:  А.Түймебаева

Хатшы:  Г.Абдуллаева

## Балабақша мен ата-ана бірлестігі.

Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондықтан ата - ана мен балабақша арасындағы бірлестікті дамыту өзекті мәселе боп отыр. Ата – анамен балабақша бірлестігі, баланы оқыту мен тәрбиелеудегі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да мақсат – мүддесі біреу – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата - ана құшағы. Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі; көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» дегенде осының айғағы. Яғни, ата – анасының өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе ұядан ұшқанда да сол өнеге – өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Ғабиден Мұстафин айтқандай «ата – ана қадірін білген бала халық қадірін білер, халық қадірін білген бала ата – ананың да қадірін біледі. Ол үшін өз халқының дәстүрін мәдениетін, өнерін, тілін қадірлеуді ата – ана және ұстаз боп үйрету керек». Ендеше «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші отбасы балабақша бірлесе ынтымақтаса отырып, оқу тәрбие жұмысын мақсатты жүргізсе, елдің, халқының дәстүрін сыйлайтын ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз еселі өтелері сөзсіз. Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез – келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры болмысын қалайтын мекен. Сондықтан да балабақшаның оқу – тәрбие жұмысында ата – аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі. Сол себепті мен ата – аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлемін. Көздеген мақсатым: балабақшамен отбасындағы ынтымақтастықты біріктіре отырып оқу және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға ретінде қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. Балабақша мен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты құру. Алдыма қойған міндеттерім:

1. Ата – аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес беру.
2. Балабақшадағы іс – шараларға ата – аналарды қатыстыру.
3. Ата – аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.
4. Үлгілі ата – аналарды насихаттау.
5. Ата – аналар бұрышын жасау.
6. Ата – аналармен біріге отырып құрылған оқу – тәрбие жоспарын жасау.
7. Балаларды дамытудың диагностикасын жасау.
8. Күнделікті оқу – тәрбие жұмысына ата – аналарды тарту.

Алдыма қойған міндеттерімді іске асыруда мынадай іс – әрекеттерді ұйымдастырдым:

Тәрбиешінің жүргізген жұмысынан хабарлы болу үшін ата – аналарға топта «Сіздер үшін ата - ана» бұрышы жасалды. Онда ата – аналарға кеңес, оқу

кестесі, күн тәртібі, хабарландырулар мен құттықтауларлармен таныса аласыздар. Сонымен бірге ата -аналармен бірлескен көрмеұйымдастыру, ашық есік күндері жоспарланған. Шығармашылық бұрышта баласының жетістіктерін немесе қиындықтарын көреді, және де балада қиындық тудыратын мәселелерді, үйде ұйымдастыру бойынша тәрбиешіден әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық ойындар пайдаланатын әдебиеттер секілді кепілдемелер алуларыңызға болады

Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Жұлдыз»ересек тобында 2022 жылдың 23 желтоқсанда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

### Хаттама №2

#### Ата –аналар жиналысы

Қатысуы тиіс:25

Қатысканы:20

#### Күн тәртібінде

- 1.Қыркүйек, қазан, қараша айларында атқарылған іс- әрекеттердің есебі
- 2.«Отбасында мерекені қалай тойлайсыз? » сауалнама
- 3.Тренинг «Баланың балабақшаға бейімделуіне жағдай жасау»

### ТЫҢДАЛДЫ

1.Тәрбиеші Г. Терискенбаева қыркүйек, қазан, қараша айларындағы атқарылған жұмыстардың есебі жайлы мәлімдеме жасады.

Балалардың жас ерекшелігіне орай оқу іс-әрекеттері ойын түрінде ұйымдастырылып жатқаны, балалардың суреттер бойынша өз бетімен әңгіме құрастыруға өзіне таныс шағын ертегілерді мазмұндап айтуға, сұрақтарды сипатына сәйкес лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге еркіндік берілгенін атап өтті. Осы уақыт аралығында күз мерекесіне орай «Алтын күз», тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздіктің қадірін білер, ұрпақ өсіп келеді!» атты мерекелік ертеңгілік өткізілгені жайлы айтып өтті.

Балалардың физикалық қасиеттерін арттыру, спорттық ойындарға қызығушылығын арттыру мақсатында , «Денсаулық -зор байлық»атты спорттық сайыс»,«Дені саудың –жаны сау» атты отбасылық сайыс,спорттық ойындар ұйымдастырылып балалардың дене кимыл үйлесімділігін арттыру көзделді. Ата-аналармен бірлесе отырып, топ бөлмесіндегі табиғат бұрышы, кітап бұрышы толықтырылғаны, дамытушы ойындарға арналған көрме ұйымдастырылғаны жөнінде айтып өтті. Алда « Жаңа жыл келді!» атты жаңа жыл мерекесіне орай ұйымдастырылатын ертеңгілікке ,«Қардан жасалған қысқы құрастырмалар» атты көрмеге атсалысуларын өтінді және «Әже ертегі айтып берші!»атты әжелер мектебіне атсалысулары керек екені айтылды

2.Ата-аналарға «Отбасында мерекені қалай тойлайсыз?» атты сауалнама беріліп, ата -аналар өз ойларымен бөлісті

3.Психолог Г . Абдуллаеваның ұйымдастыруымен «Баланың балабақшаға бейімделуіне жағдай жасау» атты тренинг өткізілді.


### **Шешім етті**

1.Балаларды тәрбиелеуде ата -анамен бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын

2.Ата -анамен бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын.

Ата –аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:


А.Түймебаева

Г.Абдуллаева



## Бала-деген бір бақыт

**Мақсаты:** Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, баламен жақсы қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

**Барысы:**

- Танысу жаттығуы
- Сауалнама
- Сөйлемді аяқта
- Тілек

**Психолог:** Қош келдіңіздер, құрметті ата-аналар. Бала-балдан тәтті. Қазақ халқы ұлы бар үйді қуатқа, қызы бар үйді шуаққа теңеген. Оларға бар мейіріммен карап, өсіп-жетілдірген. Біздің келешегіміз, болашағымыз саналатын балалар. Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингімізді бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Олай болса, бүгінгі тренингімізді бастамастан бұрын өзімізді таныстырып өтейік.

### 1. "Танысу жаттығуы"

Ата-аналар өз есімдерін және баласының есімін айтып өз баласының бойындағы жақсы қасиеттерді атап айту.

**2. Әріптер сөйлейді.** Ата-аналарға әріптер беріледі және сұрақтар қойылады. Сұрақтардың жауабы өз қолындағы әріптен басталу керек.

Балабақшаға немен келдіңіз?

Жақсы көретін түсіңіз қандай?

Қандай тағамды жақсы көресіз?

Баланызды қалай еркелетесіз?

Қолыңызға ақша түссе бірінші не аласыз?

Сізге не ұнайды?

Сіздің үйде кім бастық?

Қандай аңды ұнатасыз?

Адамның қай ерекшелігін бағалайсыз?

Жасыңыз нешеде?

Сізге қай қала ұнайды?

3. Сауалнама. Барлық ата-аналарға сауалнама беріледі. Сауалнамаға толық жауап беріп, бағалайды. Сауалнамадағы жауаптардың мазмұнын ашу шарт.

| №           | Сауалнама                                                             | Жоқ-0 | Анда-санда-5 | Үнемі-10 |
|-------------|-----------------------------------------------------------------------|-------|--------------|----------|
| 1           | Балаңыз достарымен бірге қарым-ұатынасын қадағалайсыз ба?             |       |              |          |
| 2           | Балаңыздың бойынан қызғаншақтық сезімін байқайсыз ба?                 |       |              |          |
| 3           | Өз балаңыздың тәрбиесінде өзге адамның пікірін тыңдайсыз ба?          |       |              |          |
| 4           | Отбаслық жағдайға байланысты балаңызға қол көтерген кезіңіз болды ма? |       |              |          |
| 5           | Балаға өтірік сөйлейсіз бе?                                           |       |              |          |
| 6           | Қазақ ертегілерін оқып бересіз бе?                                    |       |              |          |
| 7           | Балаңызға берген уәдені орындайсыз ба?                                |       |              |          |
| 8           | Балаңызбен бірге серуенге шығасыз ба?                                 |       |              |          |
| 9           | Ұялы телефондағы ойындарын қадағалап отырасыз ба?                     |       |              |          |
| 10          | Балаңызды өзге балалармен салыстырасыз ба?                            |       |              |          |
| Барлық ұпай |                                                                       |       |              |          |

3. Бақыт деген....? Әр ата-ана өз пікірін жазады.

4. Алтын уақыт. Үй тапсырмасы. Ата-аналарға үйде кешкі уақытта балаңызбен бірге отырып, түрлі-түсті қағазды пайдаланып үй жасап келу берілді. Балаңызбен бірге үй жасау барысындағы сәттерді қағаз бетіне жазып түсіру қажет.

Қорытынды. Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі,

Көңіліне көп жұбаныш.

Гүлденіп ой-өлкесі,-деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы тек перзент сүю,оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар,қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам өмірде кесдескен қиындықтарға бар күшін төзе білу керек. Балаға кішкентайынан бастап түзу тәрбие беру керек. Бала тәрбиесіне уақытылы көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен балабақша өзара тығыз байланысты болса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары жан-жақты дамыған азамат болып өседі. Адам өмірінің мәні өзінің өсіріп отырған балапандарында. Сондықтан да өз байлықтарымызға көп көңіл бөлуіміз қажет.

Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Жұлдыз»ересек тобында  
2023жылдың 24 мамырда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

### Хаттама №3

#### Ата –аналар жиналысы

Қатысуы тиіс:25

Қатысканы:20

#### Күн тәртібінде

- 1.Тәрбиешінің қорытынды есебі
- 2.Жаздық сауықтыру- шынықтыру шаралары
- 3.«Балаңыз мектепке дайын ба?»

### ТЫҢДАЛДЫ

- 1.Тәрбиеші Г. Терискенбаева жыл бойында жасалынған жұмыстар жайлы қорытындылап айтып өтті.Жыл бойында оқу іс- әркеттері ойын түрінде өтілгенің , балалардың білімін дамытуда, тілдік қарым –катынасты дамытуға,ақыл –ойын дамытуда логопед, психолог мамандарының, саз жетекшісінің қосқан үлесі зор екенін айтып өтті
2. Тәрбиеші Г. Еркінбекова жаздық сауықтыру шаралары ойын сауық түрінде таза ауада өткізілетіні жөнінде айтып өтті

### Шешім етті

1. Балаларды тәрбиелеуде ата -анамен бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын
2. Жазық сауықтыру шаралары өз дәрежесін тапсын.
3. Ата- аналарға «Балаңыз мектепке баруға дайын ба?» атты сауалнама беріліп, ата -аналар өз ойларымен бөлісті

Ата –аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



А.Түймебаева



Г.Абдуллаева